

Қазақстан қаржы
жүйесінің
тәуекелдерін
бағалау

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2015, қаңтар

Қаржы нарығының қатысушыларына жүргізілген пікіртерімнің нәтижелері

Мазмұны

Кіріспе	2
Қаржы жүйесі үшін неғұрлым маңызды тәуекелдер	3
Тәуекелдің ағымдағы деңгейі	3
Сыртқы ортаның тәуекелі	4
Макроэкономикалық тәуекел	5
Кредиттік тәуекел	6
Қорландыру және өтімділік тәуекелі	7
Қаржы және нақты активтер нарықтарына байланысты тәуекел	8
Операциялық тәуекел	9
Тәуекелге тәбет	10
Басқарудағы неғұрлым қиын үш тәуекел	11


Кіріспе

Қазақстан қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу бойынша міндеттерді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) қаржы жүйесінің тәуекелдерін бағалауға арналған зерттеуді әзірледі. Осы зерттеу қаржы нарығы қатысушыларының пікірі негізінде (1) тәуекелдердің жекелеген түрлерін шоғырландыру деңгейі бағалауға, (2) олардың үдей түсуінің алғышарттарын айқындауға, және (3) тәуекелге тәбетте зерделеуге мүмкіндік береді. Барлық деректер мен тұжырымдар пікіртерімге қатысушылардан алынған жауаптарға негізделеді және ҚРҰБ-тың ресми ұстанымы болып табылмайды.

Зерттеу шеңберінде респонденттерге «Қаржы жүйесінің тәуекелдерін бағалау» сауалнамасы берілді, ол мынадай екі блоктан тұрды: (1) Қазақстан қаржы жүйесіне тән тәуекелдер; (2) макроэкономикалық оқиғалар және күтулер. Бірінші блок шеңберінде респонденттер үшін негізгі мақсат неғұрлым маңызды факторлардың 2014 жылы Қазақстан қаржы жүйесіне әсер етуін сараптамалық бағалау болды. Екінші блок шеңберінде пікіртерімге қатысушылар қаржы жүйесіне тән бірқатар макроэкономикалық факторлар бойынша күтулерін ұсынды.

2015 жылғы 9 – 16 қаңтар аралығында өткен зерттеуге қатысу үшін барлығы 127 қатысушы шақырылды, оның ішінде 101 респондент қатысты, оның ішінде екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру ұйымдары, БҚН кәсіби қатысушылары және банктік емес ұйымдар. Сондай-ақ экономика және қаржы саласында жұмыс істейтін сарапшылар шақырылды (1-график).

1-график: Пікіртерімге қатысқан респонденттер топтарының пайыздық арақатынасы, %



Дереккөзі: «Қазақстан қаржы жүйесінің тәуекелдерін бағалау» зерттеуі; ҚРҰБ есептері

Қаржы жүйесі үшін неғұрлым маңызды тәуекелдер

Қазақстан қаржы жүйесі үшін маңызды ретінде мынадай алты тәуекел айқындалды: (1) сыртқы ортаның тәуекелі, (2) макроэкономикалық тәуекел, (3) кредиттік тәуекел, (4) қорландыру және өтімділік тәуекелі, (5) қаржы және нақты активтер нарықтарына байланысты тәуекел, сондай-ақ (6) операциялық тәуекел.

Тәуекелдің ағымдағы деңгейі

2014 жылдың соңында нарықтың барлық қатысушылары бойынша біріктірілген деректер операциялық тәуекелді қоспағанда тәуекелдің барлық түрінің жоғары деңгейін көрсетті (2-график). Респонденттердің пікірі бойынша 2014 жылы тәуекелдерді шоғырландырудың себебі сыртқы ортаның ағымдағы жай-күйі болып табылады, ол қаржы нарығындағы іс-қимыл сипаттамаларының үлкен бөлігін айқындады. Тәуекелдердің өсуі нәтижесінде 2014 жылы пікіртерімге қатысушылардың тәуекелге тәбеті ортадан төмен және төмен диапазонда орнықты.


Егер респонденттердің жекелеген топтарын тәуекелдер деңгейі туралы қарайтын болсақ, сарапшылардың неғұрлым пессимистік көңіл-күйін және сақтандыру ұйымдарының неғұрлым оптимистік көңіл-күйін атап өтуге болады. Банктер мен қаржы нарығының кәсіби қатысушылары жауаптарының біріктірілген көрсеткіштерден айтарлықтай айырмашылығы болған жоқ.

Респонденттерге сондай-ақ 2015 жылы тәуекел деңгейінің қалай өзгертінін бағалау ұсынылды: 2014 жылмен салыстырғанда тәуекелге тәбет сияқты бұрынғы деңгейде қалуы ықтимал операциялық тәуекелді қоспағанда, барлық тәуекелдің одан әрі ұлғаюы күтіледі (3-график). Респонденттер атап өткендей, осындай теріс күтулердің себебі әлемдегі күрделі геосаяси және геэкономикалық ахуал болып табылады, оның шешілуі 2014 жылдың соңында байқалмайды.

Тәуекелдің ағымдағы деңгейі сияқты, неғұрлым теріс күтулер сарапшылар тобында байқалады, олар басқаларына қарағанда 2015 жылы тәуекел айтарлықтай ұлғаяды деп пайымдауға бейім. Сарапшылар тобының тәуекелдер өзгерісін «таза күйінде» бағалауы ықтимал, ал қаржы нарығының қатысушылары өз жауаптарында өздерінің тәуекелдерді азайту бойынша іс-әрекеттерінің мүмкіндігін ескереді.

2-график: Тәуекелдің ағымдағы деңгейі


Респонденттерге мынадай сұрақ қойылды: Тәуекелдің ағымдағы деңгейін бағалаңыз. Деректер алынған жауаптардың орташа алынған мәні ретінде есептелген пайыздық өзгерісі түрінде берілді: төмен (-2), орташадан төмен (-1), орташа (0), орташадан жоғары (1) және жоғары (2).



Дереккөзі: «Қазақстан қаржы жүйесінің тәуекелдерін бағалау» зерттеуі; ҚРҰБ есептері

3-график: Тәуекел деңгейінің өзгеруі

Респонденттерге мынадай сұрақ қойылды: Сіздің пікіріңізше тәуекел деңгейі алдағы 12 айда қалай өзгереді. Деректер алынған жауаптардың орташа алынған мәні ретінде есептелген таза пайыздық өзгерісті білдіреді: едәуір азаяды (-2), шамалы азаяды (-1), бұрынғы деңгейде қалады (0), шамалы ұлғаяды (1) және едәуір ұлғаяды (2).



Дереккөзі: «Қазақстан қаржы жүйесінің тәуекелдерін бағалау» зерттеуі; ҚРҰБ есептері

Сыртқы ортаның тәуекелі


Респонденттердің пікірі бойынша, сыртқы ортаның барлық факторы қаржы жүйесінің ағымдағы жай-күйіне айтарлықтай ықпал етеді (4-график, А). Қазақстан экономикасының шикізат өнімдерінің бағасына тәуелділігінің жоғары екені байқалады. Ресейге қарсы енгізілген санкциялар және Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) кіруі үлкен қауіп тудырады, бұл, респонденттердің пікірінше Қазақстанның экономикалық өсуіне және ішкі нарығындағы бәсекеге қабілеттілігіне әсер етеді. АҚШ долларының дамыған және дамушы елдердің валюталарына қатысты нығаюы, Қытай экономикасы өсуінің бәсеңдеуі респонденттер қосымша атап көрсеткен маңызды теріс факторлар болып табылады.

Респонденттердің жекелеген топтарының талдауы жауаптардың ұқсас құрылымын көрсетеді. Бағалы қағаздар нарығының қатысушылары дамыған және дамушы елдердің саяси-экономикалық жағдайының Қазақстан қаржы жүйесіне көп ықпал ететін атап өтеді, бұл осы ұйымдардың сыртқы капитал нарықтарындағы қызметіне байланысты болуы ықтимал (4-график, Б). Банктік емес мекемелер үшін сыртқы орта тәуекелінің қаупі аз.

4-график: Сыртқы орта тәуекелі факторларының әсері, %


Респонденттерге мынадай сұрақ қойылды: Төменде келтірілген сыртқы орта тәуекелі факторларының Қазақстан қаржы жүйесіне қазіргі кездегі әсер етуін бағалаңыз. Жауаптар пайыздық арақатынаспен берілген.

А. Барлық респонденттің жауаптарын бөлу



Б. Респонденттер тобы жауаптарының таза пайыздық өзгеруі

Деректер «тәуекелді азайтады» деп белгіленген респонденттердің үлесі шегеріле отырып, «тәуекелді ұлғайтады» деп белгіленген респонденттердің үлесі ретінде есептелген таза пайыздық өзгеріс түрінде берілген. «Әсер етпейді» деп белгіленген респонденттердің жауаптары есептелмейді.



Дереккөзі: «Қазақстан қаржы жүйесінің тәуекелдерін бағалау» зерттеуі; ҚРҰБ есептері

Макроэкономикалық тәуекел

Макроэкономикалық тәуекел факторларының Қазақстан қаржы жүйесіне әсер етуін бағалау тәуекелдің басқа түрлерімен салыстырғанда респонденттер топтары пікірлерінің аса көп шашыраңқы болуын көрсетті (5-график, Б). Сарапшылардың бірқатар тәуекелдер факторлары бойынша пікірі қаржы нарығы қатысушыларының пікіріне қарама-қайшы болды.


Факторлар тобында Қазақстан қаржы жүйесіне теріс әсер ететін үш фактор атап көрсетіледі: ұлттық валютаны бағамдық түзету, инфляция деңгейінің өсуі және осы факторлар іске асырылған жағдайда, жұмыссыздық деңгейінің өсуі. Бұл ретте тәуекелдің басқа факторларының әсер етуі, тіпті сарапшылардың пікірі бойынша да аса маңызды емес (5-график 5, А).

Макроэкономикалық тәуекелді төмендетін жалғыз фактор ұлттық компаниялардың қызметі болып табылды. Мемлекет дағдарыстан кейінгі кезеңдегі экономикалық даму шеңберінде ұлттық холдингтерге және субсидиялау бағдарламалары арқылы бизнесті қолдауға аса көңіл бөлді. Бұл ретте ұлттық холдингтердің 2014 жылғы белсенділігі корпоративтік сектордың белсенділігінен асты, оның респонденттердің әртүрлі топтарының тәуекелдерін төмендетуге әсері біркелкі бағаланбайды.

5-график: Макроэкономикалық тәуекел факторларының әсері, %


Респонденттерге мынадай сұрақ қойылды: Төменде келтірілген макроэкономикалық тәуекел факторларының Қазақстан қаржы жүйесіне қазіргі кездегі әсер етуін бағалаңыз. Жауаптар пайыздық арақатынаспен берілген.

А. Барлық респонденттің жауаптарын бөлу



Б. Респонденттер тобы жауаптарының таза пайыздық өзгеруі

Деректер «тәуекелді азайтады» деп белгіленген респонденттердің үлесі шегеріле отырып, «тәуекелді ұлғайтады» деп белгіленген респонденттердің үлесі ретінде есептелген таза пайыздық өзгеріс түрінде берілген. «Әсер етпейді» деп белгіленген респонденттердің жауаптары есептелмейді.



Дереккөзі: «Қазақстан қаржы жүйесінің тәуекелдерін бағалау» зерттеуі; ҚРҰБ есептері

Кредиттік тәуекел

Сыртқы ортаның тәуекелі үшін сияқты кредиттік тәуекел бойынша факторлардың көпшілігі Қазақстан қаржы жүйесіне теріс әсер етеді (6-график, А). Кредиттік тәуекел бойынша неғұрлым теріс күту банктік емес мекемелерде және сарапшыларда көрсетілді.

Респонденттер түсіндірмелерінде кредиттік тәуекелдің өрістеуі сыртқы экономикалық күрделі ахуал нәтижесінде атап өтті. Жеке және заңды тұлғалардың борыштық жүктемелер сияқты факторлардың тәуекелге айтарлықтай әсері байқалады, алайда халықтың төлем қабілеттілігі кәсіпорындардың қаржылық жай-күйімен салыстырғанда жеке тұлғалардың борыштық жүктемесіне айтарлықтай аз әсер етеді (6-график, Б). Бұл ретте кредиттеу бойынша қызмет көрсететін ұйымдар (банктер және банктік емес ұйымдар) сақтандыру компаниялары және БҚН субъектілері сияқты басқа қаржы ұйымдарымен салыстырғанда жеке тұлғаларға қатысты неғұрлым пессимистік болып табылады. Респонденттер сондай-ақ кейінгі жылдардағы борыштық жүктеменің нашарлауы шетел валютасымен кредиттеу ықтималдылығына байланысты екенін атап өтеді.

Респонденттердің пікірі бойынша ағымдағы реттеушілік саясат кредиттік тәуекелдің деңгейіне теңестірілген әсер етеді.

6-график: Кредиттік тәуекел факторларының әсері, %


Респонденттерге мынадай сұрақ қойылды: Төменде келтірілген кредиттік тәуекел факторларының Қазақстан қаржы жүйесіне қазіргі кездегі әсер етуін бағалаңыз. Жауаптар пайыздық арақатынаспен берілген.

А. Барлық респонденттің жауаптарын бөлу



Б. Респонденттер тобы жауаптарының таза пайыздық өзгеруі

Деректер «тәуекелді азайтады» деп белгіленген респонденттердің үлесі шегеріле отырып, «тәуекелді ұлғайтады» деп белгіленген респонденттердің үлесі ретінде есептелген таза пайыздық өзгеріс түрінде берілген. «Әсер етпейді» деп белгіленген респонденттердің жауаптары есептелмейді.



Дереккөзі: «Қазақстан қаржы жүйесінің тәуекелдерін бағалау» зерттеуі; ҚРҰБ есептері

Қорландыру және өтімділік тәуекелі

Ұлттық валютаны бағамдық түзетуді жоғары дәрежеде күту теңгедегі депозиттердің шетел валютасына тым көп ауысуына себеп болды. Ішкі қорландыру нарығында теңгедегі салымдардың күрт алуына байланысты теңгедегі өтімділіктің қатты жетіспеуі туындады. Респонденттер теңгедегі және сол сияқты шетел валютасындағы өтімділік гәпінің ұлғайғанын атап өтеді (7-график, А). Өтімділік тәуекелінің факторлары банктер және банктік емес мекемелер топтарында неғұрлым айтарлықтай көрінді (7-график 7, Б).

Басым түрде ішкі қорландыру көздерімен жұмыс істеуі ықтимал банктік емес ұйымдар ішкі ресурстарды тарту талаптарының, сондай-ақ қорландыру көздерін әртараптандыру шектеулі болғандықтан теңгедегі және сол сияқты шетел валютасындағы өтімділік ГЭП-тердің неғұрлым күшті әсерін атап өтті.

Сондай-ақ негізгі компанияның қаржы ресурстарын алуы сақтандыру компанияларының, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының, сондай-ақ банктік емес мекемелердің тәуекелді ұлғайтатын фактор ретінде атап өту қызықты. Осындай ұйымдардың үлкен бөлігінің басым түрде банктік топтардың қаржылық жай-күйінің нашарлауы еншілес кәсіпорындарына әсер етуі мүмкін еншілес компаниялары болып табылу осындай бөлудің себебі болып табылады.

7-график: Өтімділік тәуекел факторларының әсері, %


Респонденттерге мынадай сұрақ қойылды: Төменде келтірілген өтімділік тәуекел факторларының Қазақстан қаржы жүйесіне қазіргі кездегі әсер етуін бағалаңыз. Жауаптар пайыздық арақатынаспен берілген.

А. Барлық респонденттің жауаптарын бөлу



Б. Респонденттер тобы жауаптарының таза пайыздық өзгеруі

Деректер «тәуекелді азайтады» деп белгіленген респонденттердің үлесі шегеріле отырып, «тәуекелді ұлғайтады» деп белгіленген респонденттердің үлесі ретінде есептелген таза пайыздық өзгеріс түрінде берілген. «Әсер етпейді» деп белгіленген респонденттердің жауаптары есептелмейді.



Дереккөзі: «Қазақстан қаржы жүйесінің тәуекелдерін бағалау» зерттеуі; ҚРҰБ есептері

Қаржы және нақты активтер нарықтарына байланысты тәуекел


Ұлттық валютадағы өтімділікке айтарлықтай сұраныс қор нарығындағы алып-сатарлықтың өсуіне себеп боды, бұл өз кезегінде РЕПО және СВОП құралдары бойынша мөлшерлемелердің аса жоғары құбылмалылығын тудырды. Нарықтық тәуекелді шоғырландыру нәтижесінде айтарлықтай өсті және қаржы нарығына реттеушінің қатысуын талап етті (8-график, А).

Сонымен қатар, респонденттер сыртқы экономикалық ахуалға байланысты белгісіздік ішкі жылжымайтын мүлік нарығында да ауысуы мүмкін деп пайымдайды. Банктік емес мекемелерде аса үлкен қауіп байқалады, олар коммерциялық және тұрғын үй жылжымайтын мүлік бағасы өзгерістерінің қаржы нарығына айтарлықтай әсер етеді деп пайымдайды (8-график, Б).

8-график: Қаржы және нақты активтер нарықтарына байланысты тәуекел факторларының әсері, %


Респонденттерге мынадай сұрақ қойылды: Төменде келтірілген өтімділік тәуекел факторларының Қазақстан қаржы жүйесіне қазіргі кездегі әсер етуін бағалаңыз. Жауаптар пайыздық арақатынаспен берілген.

А. Барлық респонденттің жауаптарын бөлу



Б. Респонденттер тобы жауаптарының таза пайыздық өзгеруі

Деректер «тәуекелді азайтады» деп белгіленген респонденттердің үлесі шегеріле отырып, «тәуекелді ұлғайтады» деп белгіленген респонденттердің үлесі ретінде есептелген таза пайыздық өзгеріс түрінде берілген. «Әсер етпейді» деп белгіленген респонденттердің жауаптары есептелмейді.



Дереккөзі: «Қазақстан қаржы жүйесінің тәуекелдерін бағалау» зерттеуі; ҚРҰБ есептері

Операциялық тәуекел

Респонденттер өздерінің түсініктемелерінде рұқсат етілмеген ықпал ету жағдайларын атап өтеді, ол көбінесе банктік емес мекемелерде, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларында және сақтандыру ұйымдарында байқалады (9-график, А, Б).


Басқа жағынан, ұйымдардағы автоматтандыру факторы ерекше фактор болып табылады, өйткені барлық топтар оны азайтатын тәуекел ретінде атап өтеді. Бұл бизнесті жүргізуге қажетті ағымдағы операциялық жүйелердегі пікіртерім қатысушыларының сенімділігін көрсетеді.

9-график: Операциялық тәуекел факторларының әсері, %

Респонденттерге мынадай сұрақ қойылды: Қазіргі кездегі операциялық тәуекелдің төменде келтірілген факторларының әсерін бағалаңыз. Жауаптар пайыздық арақатынаста көрсетілді.


А. Барлық респонденттердің жауаптарын бөлу

■ Тәуекелді ұлғайтады ■ Әсер етпейді ■ Тәуекелді азайтады



Б. Респонденттер тобы жауаптарының таза пайыздық өзгеруі

Деректер «тәуекелді азайтады» деп белгілеген респонденттердің үлестерін шегергендегі «тәуекелді ұлғайтады» деп белгілеген респонденттердің үлестері ретінде есептелген таза пайыздық өзгерістер түрінде ұсынылды. «Әсер етпейді» деп белгілеген респонденттердің жауаптары есепке алынбады.



Дереккөзі: «Қазақстанның қаржы жүйесінің тәуекелдерін бағалау» зерттеуі, ҚРҰБ есептері

Тәуекелге тәбет


Респонденттерге 2014 жылдың соңында өз ұйымының және жалпы қаржы жүйесіне қатысушылардың тәуекелге тәбетінің деңгейін бағалау туралы ұсыныс жасалды. Орташа деңгейде бағаланатын қаржы нарығына қатысушылардың тәуекел-тәбетімен салыстырғанда өз ұйымдарында респонденттер тәуекел-тәбетін орташадан төмен бағалайды (10-график). Жауаптардың талдамасы нарықта бұрыннан жұмыс істейтін кемел компаниялар тәуекелге төмен тәбетті атап өтеді, ал тәуекелдің орташа деңгейін атап өткен респонденттердің негізгі массасын тез өсетін активтері бар ойыншылар құрайды. Олар да жалпы нарықтағы тәуекелге тәбетті орташадан жоғары деп пайымдайды.

Қаржы нарығына қатысушылар арасында сақтандыру ұйымдары ең аз тәуекел-тәбетін атап өтеді, ал БҚН субъектілері тәуекелге барынша бейімді. Сонымен қатар банктік емес ұйымдар қаржы нарығының басқа сегменттерінің қатысушылары оларға қарағанда, барынша тәуекелшіл саясатты жүргізеді деп ойлауға бейім.

Респонденттердің жауаптары 2015 жылы нарыққа қатысушылардың белсенді қызметі есебінен қаржы нарығындағы тәуекелдің шоғырландырылуы күтілмейді деп ойлауға негіз болады (11-график).

Өзінің тәуекел-тәбетін бұрынғы деңгейде сақтап қалуға дайын қаржы нарығының жалғыз қатысушылары сақтандыру ұйымдары болып табылады, ал басқа қаржы ұйымдары өздерінің тәуекел-тәбетінің деңгейін біршама төмендетуді жоспарлап отыр. Бұл ретте банктер мен сарапшылар қаржы нарығының басқа сегменттеріне қатысушылар 2015 жылы тәуекел-тәбетін төмендетуге ниет білдіріп отырған жоқ деп санайды.


10-график: 2014 жылдың соңында қаржы нарығындағы тәуекелге ұшырағыштық
Респонденттерге екі сұрақ қойылды: 1) Сіздің ұйымыңыздың тәуекелге ұшырағыштығының ағымдағы деңгейі қандай?; 2) Сіздің пікіріңізше, жалпы қаржы жүйесіне қатысушылардың тәуекелге ұшырағыштығының ағымдағы деңгейі қандай? Деректер алынған жауаптардың орташа алынған мәні ретінде есептелген таза пайыздық өзгерісті білдіреді: төмен (-2), орташадан төмен (-1), орташа (0), орташадан жоғары (1) және жоғары (2)



Ескертпе: Шеңбер диаметрі респонденттер топтарының жауаптардағы үлесіне сәйкес келеді.
Дереккөзі: «Қазақстанның қаржы жүйесінің тәуекелдерін бағалау» зерттеуі, ҚРҰБ есептері

11-график: Соңғы 12 ай қатарынан тәуекелге ұшырағыштық деңгейінің өзгеруі

Респонденттерге екі сұрақ қойылды: 1) Сіздің пікіріңізше сіздің ұйымыңыздың тәуекелге ұшырағыштық деңгейі соңғы 12 айда қалай өзгереді?; 2) Сіздің пікіріңізше қаржы жүйесіне қатысушылардың тәуекелге ұшырағыштық деңгейі соңғы 12 жылда жалпы қалай өзгереді? Деректер алынған жауаптардың орташа алынған мәні ретінде есептелген таза пайыздық өзгерісті білдіреді: біршама өзгереді (-2), аз ғана өзгереді (-1), бұрынғы деңгейде қалады (0), аз ғана ұлғаяды (1) және біршама ұлғаяды (2).



Ескертпе: Шеңбер диаметрі респонденттер топтарының жауаптардағы үлесіне сәйкес келеді.
Дереккөзі: «Қазақстанның қаржы жүйесінің тәуекелдерін бағалау» зерттеуі, ҚРҰБ есептері

Басқарудағы неғұрлым қиын үш тәуекел

Респонденттердің пікірі бойынша қаржы ұйымдары ішкі тәуекелдерді басқаруда барынша тиімді: кредиттік және операциялық тәуекелдерді бағалау және басқару тетіктерінің дамуы байқалады; қаржы ұйымдарының қарсы әріптестер мен ағымдағы нарықтық жағдайлардың көп мөлшеріне тәуелділігіне байланысты нарықтық тәуекел мен өтімділік тәуекелін басқарудағы біршама күрделілік (12-график).

Басқа жағынан, егер қаржы ұйымдары үшін сыртқы орта тәуекелі мен макроэкономикалық тәуекел ең аз дәрежеде басқаруға икемді болса, ал Үкімет пен ҚРҰБ үшін аталған тәуекелдерді басқару маңыздылығының дәрежесі барынша жоғары.

Егер респонденттердің топтары бойынша басқарудағы ең қиын тәуекелдерді қарастыратын болсақ, басқарудағы біршама қиын үшінші тәуекелді бағалаудағы алшақтықтарды байқауға болады. Ішкі қорландыру нарығындағы қалыптасқан ахуалға байланысты банктер мен сарапшылар өтімділік тәуекелін басқарудағы ең қиын тәуекелдердің бірі екендігін атап өтеді. Өз кезегінде, сақтандыру ұйымдары мен БҚН кәсіби қатысушылары нарықтық тәуекелді тек өз ұйымдарында ғана емес, ҚРҰБ-та да басқарудағы барынша қиын тәуекел ретінде атап өтеді.

Өз қызметіне байланысты басқарудағы ең қиын үш тәуекелден бөлек кредиттік тәуекелдің маңыздылығы банктер үшін барынша маңызды, ал операциялық тәуекелдің маңыздылығы БҚН субъектілері үшін маңыздырақ екені белгілі.

12-график: Басқарудағы неғұрлым қиын үш тәуекел

Респонденттерге мынадай сұрақ қойылды: Сіздің пікіріңізше қандай үш тәуекел басқаруда неғұрлым қиын: а) Сіздің ұйымыңыз; б) Үкімет; в) ҚРҰБ. Жауаптар пайыздық қатынаста ұсынылды.

А. Респонденттердің барлық топтары

	Қаржы ұйымдары	Үкімет	Ұлттық Банк
Сыртқы орта тәуекелі	1 (68%)	1 (96%)	1 (81%)
Макроэкономикалық тәуекел	2 (65%)	2 (83%)	2 (79%)
Нарықтық тәуекел	3 (49%)	3 (39%)	4 (42%)
Қорландыру және өтімділік тәуекелі	4 (46%)	4 (27%)	3 (45%)
Кредиттік тәуекел	5 (33%)	6 (19%)	5 (34%)
Операциялық тәуекел	6 (28%)	5 (22%)	6 (17%)

Б. Екінші деңгейдегі банктер

	ҚҰ	Үкімет	ҚРҰБ
Сыртқы орта тәуекелі	1 (66%)	1 (97%)	1 (97%)
Макроэкономикалық тәуекел	1 (66%)	2 (72%)	2 (72%)
Қорландыру және өтімділік тәуекелі	1 (66%)	4 (34%)	4 (34%)
Кредиттік тәуекел	4 (41%)	5 (13%)	5 (13%)
Нарықтық тәуекел	5 (31%)	3 (47%)	3 (47%)
Операциялық тәуекел	6 (16%)	5 (13%)	5 (13%)

В. Сарапшылар

	ҚҰ	Үкімет	ҚРҰБ
Қорландыру және өтімділік тәуекелі	1 (64%)	3 (27%)	3 (55%)
Сыртқы орта тәуекелі	2 (55%)	1 (100%)	1 (91%)
Макроэкономикалық тәуекел	2 (55%)	2 (73%)	2 (82%)
Нарықтық тәуекел	4 (45%)	3 (27%)	5 (18%)
Кредиттік тәуекел	4 (45%)	5 (9%)	4 (27%)
Опер. тәуекел	6 (27%)	6 (0%)	6 (9%)

Г. Сақтандыру ұйымдары

	ҚҰ	Үкімет	ҚРҰБ
Сыртқы орта тәуекелі	1 (76%)	2 (90%)	2 (79%)
Макроэкономикалық тәуекел	2 (66%)	1 (93%)	1 (83%)
Нарықтық тәуекел	3 (48%)	3 (38%)	3 (45%)
Қорландыру және өтімділік тәуекелі	4 (31%)	5 (24%)	3 (45%)
Кредиттік тәуекел	5 (28%)	4 (28%)	5 (31%)
Опер. тәуекел	6 (28%)	6 (10%)	6 (7%)

Д. БҚН кәсіби қатысушылары

	ҚҰ	Үкімет	ҚРҰБ
Сыртқы орта тәуекелі	1 (65%)	1 (100%)	2 (83%)
Макроэкономикалық тәуекел	1 (65%)	2 (96%)	1 (87%)
Нарықтық тәуекел	3 (61%)	4 (35%)	3 (52%)
Опер. тәуекел	4 (48%)	3 (57%)	4 (43%)
Қорландыру және өтімділік тәуекелі	5 (30%)	5 (17%)	5 (39%)
Кредиттік тәуекел	6 (22%)	5 (17%)	6 (30%)

Дереккөзі: «Қазақстанның қаржы жүйесінің тәуекелдерін бағалау» зерттеуі, ҚРҰБ есептері